In these harsh conditions of world development, every region, every subject of the world community is trying and must preserve its regional and state stability, national identity. At the same time, the Central Asian region is no exception, and the multifaceted foreign economic strategy of the countries of the Central Asian space seems to be a logical vector of world politics as a whole. Moreover, the President of Kazakhstan K. Tokayev has repeatedly noted on international platforms that the main trends of global economic development are directed to the East, to the Asian continent, and the future of the international community depends on Asia.

Acknowledgments

The article was prepared within the framework of fundamental scientific research by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «East countries: geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan in historical and modern dimensions» (№ BR20281006).

References

Bisenbayev A. (2020). National interests and foreign policy // Thought, 2020. – No. 2. – pp. 6-12; Central Asia 2027: a changing strategic landscape. Probable scenarios for ten years ahead / T.T. Shaimerzhanov, M.M. Abisheva. – Astana: Library of the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy, 2017. – 100 p.; New Kazakhstan and the countries of the East in a changing global context / Ed. Duysen G.M. – Almaty: R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, KN of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan, 2022. – 355 p. (In Russian)

Central Asia is in the spotlight. (2024). An expert on the region on reducing Russia's influence and the interests of the West. URL: <https://rus.azattyk.org/a/32747430.html> (accessed October 18, 2024).; Central Asia does not want to be Putin's "backyard", but Moscow does not want to give up its position. URL: <https://rus.azattyk.org/a/kazakhstan-media-review-ca-russia-putins-backyard-hot-discussion/32700164.html> (accessed October 18, 2024).; How has China increased its presence in Kazakhstan as part of the "One Belt-One Road" initiative? URL: <https://rus.azattyk.org/a/32654822.html> (accessed October 18, 2024).; "The rules of the game will not change". The main aspects of Putin's visit to Bishkek. URL: <https://rus.azattyk.org/a/32634317.html> (accessed October 18, 2024).; The EU-Central Asia Economic Forum was held in Almaty. URL: <https://daryo.uz/ru/2023/05/19/v-almaty-prosel-2-j-ekonomiceskij-forum-evropejskij-souz-centralnaa-azia> (accessed October 18, 2024).; Central Asian Forum on Security and Cooperation in Asia: Kazakhstan proposes ways to deepen cooperation and overcome challenges. URL: <https://kisi.kz/ru/chentralno-aziatskij-forum-po-bezopasnosti-i-sotrudnichestvu-v-azii-kazahstan-predlagaet-puti-uglubleniya-sotrudnichestva-i-preodoleniya-vyzovov/> (accessed October 18, 2024).; Results of the next regional forum – meeting of heads of emergency departments of Central Asian countries. URL: <https://orient.tm/ru/post/70786/v-almaty-sostoitsya-13-j-centralno-aziatskij-torgovyj-forum> (accessed October 18, 2024). (in Russian)

"Distancing from Russia will increase". What awaits Central Asia in 2024? (2023). URL: <https://rus.azattyk.org/a/kazakhstan-media-review-what-awaits-central-asia/32753485.html> (accessed October 18, 2024). (in Russian)

Duysen G.M. (2021). An economic view on cooperation between Kazakhstan and the countries of the East: analysis and prospects (in the order of setting and solving problems). Almaty: R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, 2021. – 208 p. (in Russian)

Dzhursunbek M. (2024). The price of victory at Digital Almaty-2024, or how digital "dependence" is progressing in Kazakhstan and Central Asia. URL: <https://ulysmedia.kz/analitika/26466-tsena-pobedy-na-digital-almaty-2024-ili-kak-progressiruet-v-kazakhstane-i-tsentralnoi-azii-tsifrovaia-zavisimost/> (accessed October 18, 2024). (in Russian)

Leader in Central Asia. Kazakhstan sums up the results of 2023. (2023). URL: https://aif.ru/politics/world/lider_v_centralnoy_azii_kazahstan_podvodit_itogi_2023_goda (accessed October 18, 2024). (in Russian)

Satpayev D. (2019). Central Asia: risks, challenges and opportunities // URL: https://forbes.kz/process/expertise/tsentralnaya_aziya_riski_vyizovyi_i_vozmozhnosti (accessed October 18, 2024). (in Russian)

Simeonidis D. (2023). Regional paradiplomacy in Central Asia: new opportunities? URL: <https://cabar.asia/ru/regionalnaya-paradiplomatiya-v-tsentralnoj-azii-novye-vozmozhnosti> (accessed October 18, 2024). (in Russian)

Smart diplomacy and business acumen of Central Asia. (2024). URL: <https://kazpravda.kz/n/umnaya-diplomatiya-i-delovaya-hvatka-tsentralnoj-azii/> (accessed October 18, 2024). (in Russian) USAID holds the 12th Annual Central Asian Trade Forum in Kazakhstan. (2022). URL: <https://kz.usembassy.gov/ru/usaid-hosts-the-12th-annual-central-asia-trade-forum-in-kazakhstan> (accessed October 18, 2024). (in Russian)

Umarov T. (2024). The second generation of Central Asian leaders has a different idea of the role of the region in the world. URL: <https://rus.azattyk.org/a/32750662> (accessed October 18, 2024). (in Russian)

Vinokurov E. (2022). "A new look at the economy of Central Asia". The economy of Central Asia: a new perspective. Reports and working papers. Vol. 22, Issue no 3. (2022). – Almaty, Bishkek, Moscow: Eurasian Development Bank. – 104 p. (in English)

Information about authors:

Duisen Galymzhan Mustakhimuly – Doctor of Economics, Associate Professor, Deputy Director General of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Republic of Kazakhstan), e-mail: galyimzhan@inbox.ru

Aitzhanova Dina Albiyevna – Candidate of Economic Sciences (PhD), Associate Professor, Chief Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Republic of Kazakhstan), e-mail: diait@inbox.ru

Zhuzbayeva Uldanay Duisenkyzy (corresponding author) – senior researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies. Postdoctoral student of al-Farabi Kazakh National University Studies (Almaty, Republic of Kazakhstan), e-mail: uldanai1994@mail.ru

Сведения об авторах:

Дүйсен Галымжан Мустахимұлы – доктор экономических наук, доцент, заместитель генерального директора Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (г. Алматы, Республика Казахстан), e-mail: galyimzhan@inbox.ru

Айтжанова Дина Альбиевна – кандидат экономических наук, доцент, главный научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (г. Алматы, Республика Казахстан), e-mail: diait@inbox.ru

Жузбаева Улданай Дүйсеновна (автор-корреспондент) – младший научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова. Постдокторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, (г. Алматы, Республика Казахстан), e-mail: uldanai1994@mail.ru

Received: May 12, 2024

Accepted: November 20, 2024

Н. Шарыпқазы* , **А.М. Нуржаева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

ҚЫТАЙДЫҢ АГРАРЛЫҚ РЕФОРМА СЯСАТЫНА ТАЛДАУ

Қытай – ежелден үлкен аграрлық мемлекет. Қытай елінде қашан да аграрлық экономика саясатына басымдылық беріледі. Өйткені қытайдың қоғамдық дамуы ауыл шаруашылығына тікелей байланысты. Мақалада ҚХР құрылғаннан қазірге дейінгі ауыл шаруашылық саласында жүргізілген саясатына терең зерттеу жүргізіліп, тарихи тұрғыдан баға беріледі. Қытайда 1950 жылдардан кейін іске асырған аграрлық реформасы, жоспары экономика концепциясы негізінде құрған үш дәрежелі өндіріс құрылымын Сяудуй (кіші өндіріс отряды), Дадуи (үлкен өндіріс отряды) және Жэньминь Гуңше (Халық коммунасы) қалыптастырды. Алайда қоғамдық практика бұл жүйенің қате екендігін ащы мысалдармен дәлелдеді. Мақаланың мақсаты – Қытай елінің ауыл шаруашылық саласында жүргізілген реформасы мен ұстанып отырған саясатын талдап зерттеу.

Бұл зерттеу – Қытайдың аграрлық саладағы эволюциялық дамуын бағалауға мүмкіндік беретін теориялық аспектіде құнды болып қана қоймай, Қытайдың дәстүрлі ауыл шаруашылығы секторын өзгерту тәжірибесінің практикалық да маңызы зор. Мақаламыздың ғылыми құндылығы – отандық зерттеушілер тарапынан бұрын трендеп зерттелмегенімен маңызды.

Мақалада көтерілген тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістері пайдаланылды. Саясаттану ғылымының әдіснамасын қолданып, әрбір тарихи кезеңдерде қабылданған саясаттың ерекшелігін сипаттадық; зерттеу барысында конструктивизм амалдарын қолдандық. Сондай-ақ, қазіргі заманда көп қолданылатын ғылыми зерттеу әдістеріндегі талдау, синтездеу, индукция және дедукция тәсілдерін пайдалану арқылы мақаламыздың ғылыми мазмұнын терең ашуға тырыстық.

Қытай аграрлық өнімдерін шет елдерден соның ішінде Америка құрлығындағы елдерден импорттап келген еді. Бірақ кейінгі уақыттардағы әлемдік геосаясаттың өзгеруі, АҚШ-пен Қытай арасындағы сауда соғысының күшейуі, Қытай елін еріксіз түрде өзге мемлекеттерден астық өнімдерін импорттауға итермелейді. Осындай жағдайдан алып қарағанда, Қытай елі көршісі Қазақстаннан ауыл шаруашылығы өнімдерін импорттауға мүдделілік танытары хақ. Бұдан Қазақ елі мен Қытай мемлекеті арасында аграрлық сала бойынша ынтымақтастық пен сауда барыс-келістері одан әрі жанданып, дами түсетіні болжауға болады.

Түйін сөздер: Қытай ауылшаруашылық саясаты, аграрлық реформа үдерісі, аграрлық өндіріс жүйесінің трансформациясы, экспорт-импорт, сын-қатерлер.

N. Sharipkazy, * A.M. Nurzhayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

The analysis of China's agrarian reform policy

China is a large agricultural country since ancient times. In China, priority has always been given to agricultural economic policy. Because China's social development is directly related to agriculture. The article provides an in-depth study of the agricultural policy of the People's Republic of China from its establishment to the present and gives a historical assessment. The agrarian reform carried out in China after the 1950s, based on the economic concept of the plan, formed a three-level production structure: Xiaodui (small production unit), Dadui (large production unit) and Renmin Gongshe (People's Commune). However, social practice has proven the fallacy of this system through bitter examples.

The purpose of the article is to analyze and study China's reforms and policies in the field of agriculture. This study is valuable not only in the theoretical aspect, which allows us to assess the evolutionary development of China in the agricultural sector, but also has great practical significance in the experience of changing the traditional agricultural sector of China. The scientific value of our article is important, since the topic has not been previously studied by domestic researchers.

To study the issues raised in the article, classical and modern methods of the humanities were used. Using the methodology of political science, the features of the policy pursued in each historical period were described; the methods of constructivism were used in the study. We also tried to deeply reveal

the scientific content of our article, using the methods of analysis, synthesis, induction and deduction in the methods of scientific research that are widely used in modern times.

Previously, China imported agricultural products from foreign countries, including America. However, recent changes in world geopolitics, the escalation of the trade war between the United States and China will force China to import grain products from other countries. Judging by this situation, China has the right to show interest in importing agricultural products from neighboring Kazakhstan. Based on this, it can be assumed that cooperation and trade relations between Kazakhstan and China in the agricultural sector will continue to revive and develop.

Key words: Chinese agricultural policy, process of agrarian reform, transformation of the agricultural production system, export-import, problems.

Н. Шарыпқазы* А.М. Нуржаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

*e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

Анализ политики Китая по аграрной реформе

Китай – крупная аграрная страна с древних времен. В Китае приоритет всегда отдается аграрной экономической политике. Потому что социальное развитие Китая напрямую связано с сельским хозяйством. В статье проведено углубленное исследование аграрной политики Китайской Народной Республики со времени ее создания по настоящее время и дана историческая оценка. Аграрная реформа, осуществленная в Китае после 1950-х годов, на основе экономической концепции плана сформировала трехуровневую структуру производства: Сяодуй (малая производственная единица), Дадуи (крупная производственная единица) и Жэньминь Гунше (Народная коммуна). Однако общественная практика на горьких примерах доказала ошибочность этой системы.

Цель статьи – проанализировать и изучить реформы и политику Китая в области сельского хозяйства. Данное исследование ценно не только в теоретическом аспекте, что позволяет оценить эволюционное развитие Китая в аграрном секторе, но и имеет большое практическое значение в опыте изменения традиционного аграрного сектора Китая.

Научная ценность нашей статьи важна, так как тема ранее не изучалась отечественными исследователями.

При изучении поднятых в статье вопросов использованы классические и современные методы гуманитарных наук. Используя методологию политической науки, были описаны особенности политики, проводимой в каждый исторический период; в ходе исследования были использованы методы конструктивизма. Также мы постарались глубоко раскрыть научное содержание нашей статьи, используя методы анализа, синтеза, индукции и дедукции в методах научных исследований, которые широко используются в современное время.

Раньше Китай импортировал сельскохозяйственную продукцию из зарубежных стран, в том числе из Америки. Однако последние изменения в мировой геополитике, обострение торговой войны между США и Китаем заставят Китай импортировать зерновую продукцию из других стран. Судя по этой ситуации, Китай имеет право проявлять интерес к импорту сельхозпродукции из соседнего Казахстана. Исходя из этого, можно предположить, что сотрудничество и торговые отношения между Казахстаном и Китаем в аграрной сфере будут и дальше возрождаться и развиваться.

Ключевые слова: китайская аграрная политика, процесс аграрной реформы, трансформация аграрной производственной системы, экспорт-импорт, проблемы.

Кіріспе

Қытай – ежелгі аграрлық алып мемлекет. Қытайдың дәстүрлі аграрлық өндіріс жүйесі ҚХР құрылғаннан (1949 ж.) кейін түбегейлі өзгерістерге ұшырады. 1950 жыл маусымда «ҚХР-дың жер Заңы» жарияланып, сол жылы қыстан бастап жер реформа қозғалысы дүркіреп жүргізілді. Бұл науқан тап айыру, байлардың мал-мүлкін тәркілеу және кедейлерге жер бөліп беріп, ауыл шаруашылық кооперативтендіру сияқты ке-

зендерден өтті. 1956 жылдың аяғына дейін ауыл шаруашылық салада социалистік қайта құруды жалпы беттік аяқтады (Bai Fulin, 1988). 1958 жылы бүкіл ел шеңберінде «Үлкен секіріс» («Да уе жін») науқаны барысында, ауылды жерлерде «Халық коммунасын» (renmin gongshe) құру шарасын зорлықпен жүргізілді.

Алайда «Үлкен секіріс» науқанның салдарынан Халық коммуналары ауыр апатқа тап болды, мемлекет көлемінде аштық орын алып, миллиондаған диқандар қырылды. 1962 жылы

наурызда ҚКП ОК «Ауыл қыстақтардағы Халық коммуналары қызмет ережесін» («60 тармақ») жариялап, ауыл шаруашылық саясатына басқаша реттеу жүргізді. Аграрлық өндіріс құрылымын үш дәрежеге бөліп басқару, немесе Кіші өндіріс отряды (xiaodui), Үлкен өндіріс отряды (dadui), Халық коммунасы (genmin gongshe) үш түрлі басқару жүйесін орнатты. 1966 жылға дейін аграрлық саладағы жалпы жағдай біршама жақсара бастаған еді, алайда 1966 жылы басталған «Мәдени төңкеріс» науқаны он жылға дейін созылып, ауыл шаруашылық саласын ғана емес, жалпы қытайдың әлеуметтік экономикасын қиыншылыққа душар етті (Mukametkhanuly N, 2021).

1978 жылы желтоқсан айында өткен ҚКП ОК XI шақырылымның III пленумында өте маңызды тарихи шешімдер қабылданды. Соның маңызды шешімдерінің бірі – аграрлық саланы дамыту саясаты. Сондай-ақ, ҚКП ОК аграрлық саланы дамытудың бірнеше мәселелері жөнінде шешім» (жобасы) және «Ауыл-қыстақтардағы Халық коммунасы қызметінің ережесін (сынақ нұсқасы) қабылдады.

«Бүкіл партия күш-жігерді топтастырып, шұғыл арада аграрлық саланы дамытуы керек» – деген маңызды шешім шағарды (Wang Nailin, 1998).

Қытай реформасы аграрлық саласынан басталды. Бұл реформа бүгінгі күнге дейін төмендегідей маңызды төрт кезенді басып өтті:

- бірінші кезеңі: 1978 –1984 жылдар. Бұл кезеңде Халық коммунасын тарқатып, отбасы өндіріс жауапкершілігін басшылыққа алған ауыл-қыстақ бизнес жүйесін орнатты;

- екінші кезеңі: 1985–1991 жылдар, бұл кезеңде аграрлық өнімдерін тұтастай сатып алу жүйесіне өзгеріс енгізіп, ауылды жердегі кәсіпорындарын жетілдіріп, нарықтық қатынастарды ауылды жерлерге бағытталды;

- үшінші кезеңі: 1992–2002 жылдар, бұл мезгілде негізінен аграрлық өнімдердің нарықтағы айналым жүйесіне кешенді өзгеріс жүргізді;

- төртінші кезеңі :2003 жылдан бүгінге дейін, негізнен қала мен ауыл экономикасын жалпылама дамыту саясаты жүргізіп келеді (<https://lvlin.baidu.com>)

Қытай елінің ауыл шаруашылық реформасының сәтті атқарылуы мен нәтижелі жұмыс жүргізуі – бүкіл қытайдың әлеуметтік экономика саласына реформа жасауға берік тұғыр қалыптастырып берді. Қытай мемлекетінің ауыл шаруашылығы саласында жүргізген реформа саясатын зерттеп білудің маңыздылығы өте зор. Ол

сол кезеңдегі социалистік елдердің қайта құру немесе реформа жасау саясатында ең сәтті шыққан, жемісті болған саясат ретінде бағаланған. Өйткені ол, «индустрияландыру мен жаңғыртуды жалғастыру үшін керекті аграрлық негіз салып берді» (Kurbatov, Vladimir Petrovich, 1999).

Қытайдың ауыл шаруашылық саласын реформалау арқылы ауылды жерлерде шағын және орта сауданы дамыту арқылы нарықтық қатынасты жүргізу тәжірибесі еліміздің ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін де маңызы бар деп есептейміз. бірақ, отандық ғылымда Қытай елінің реформа жасау саясатын арнайы зерттеп жазылған ғылыми еңбектер өте тапшы. Біздің бұл мақаламыздың негізгі мақсаты – ҚХР ауыл шаруашылығы реформасы саясатына анализ жасау арқылы, оның басты жетістіктері мен негізгі кемшіліктерін анықтауды көздейді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Тарихи тұрғыдан бағаласақ, Қытай елі – бағзы заманнан бері аграрлық алып ел. Қытай елінің барлық тарихи даму кезеңдеріндегі экономикалық өсу көрсеткіші, саяси-әлеуметтік тұрақтылығы, қоғамдық құрылысы т.б саласының дамуы аграрлық саламен тікелей байланысты. Қазіргі уақытта Қытайдың ауыл шаруашылық саласы азық-түлік өңірі бойынша үздік нәтиже көрсетіп ғана қоймай, ауыл-қыстақтарда диқан-шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруде белсенді әлеуметтік саясат жүргізіп келе жатыр. Бұл мақалада өзімізге тәжірибе үшін және зерттеу мақсатында ҚХР агроөнеркәсіп кешенін алып отырмыз.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы Қытайдың ауыл шаруашылық дамуындағы аз зерттелген көптеген мәселелерді қамтуында, отандық зерттеушілердің Қытай аграрлық жүйесі мен оның басты салаларының бүгінгі жағдайы туралы таным көкжиегін кеңейтуінде. Өткен ғасырдың 70 жылдарының аяғынан бастап жүргізілген реформалардың елдің экономикалық дамуы мен ауыл шаруашылық саласының өркендеуінде атқарған рөлі мен тигізетін әсерін жан-жақты зерделеу. Аграрлық саладағы Қытай үкіметінің нақты жеткен табыстары мен кездесіп отырған нақты қиындықтарына ғылыми тұрғыдан сараптамалық зерттеулер жасалады. Бұл зерттеу – Қытайдың аграрлық саладағы эволюциялық дамуын бағалауға мүмкіндік беретін теориялық аспектіде құнды болып қана қоймай, Қытайдың дәстүрлі ауыл шаруашылығы секторын өзгерту тәжірибесінің практикалық да маңызы зор.

Ұсынылған зерттеу Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси және экономикалық қатынастардың дамуы, аграрлық саладағы ынтымақтас-тықтың сипаты мен болашағын түсіну тұрғысынан құнды.

Мақаланың өзектілігінің тағы бір қыры – Қазақстанда бұл тақырыпты кешенді түрде зерттеген ғылыми еңбектер жоқтың қасы деп айтуға болады. Бұл зерттеуім осы саладағы алғашқы зерттеу мақала болып табылады.

Мақаланың мақсаты – Қытай елінің ауыл шаруашылық саласында жүргізген сәтті реформасы мен ұстанып отырған тиімді саясатын зерттеу.

Мақаланың міндеттері:

- Қытайдың ауыл шаруашылық саласында жүргізген реформалар мен саясатына қатысты тарихи құжаттар мен дереккөздеріне жалпылама шолу жасау;

- Қытайдың ауыл шаруашылық саласының құрылымдық жүйесі, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерінің даму деңгейіне баға беру;

- Қытайдың ауыл шаруашылығы саласындағы кездескен қиындықтары мен сын-қатерлеріне талдау жасау;

- Қытайдың ауыл шаруашылық саласының даму бағытын анықтау және болашағына ғылыми болжау жасау.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты зерттеп ашуда маңызды құжаттар мен дерек көздерін, бірінші санаттағы нормативтік құжаттарды қолдандық. Бұған «Қытай Халық Республикасының ауыл шаруашылық заңы», Қытай Халық Республикасының Ұлттық статистика бюросы, Ауыл шаруашылығы министрлігі шаруашылық-басқару статистикалық жүйелік-ақпараттық бөлімі деректері, Қытай ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бюросы деректері, дүниежүзілік банк, Біріккен ұлттар ұйымының азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының деректері жатады. Сонымен бірге, «Қытай Халық Республикасының ауыл шаруашылық министрлігінің статистикасы, жылдық есептер деректері, мәселені жан-жақты зерделеп, барынша ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Табылған құжаттар мен деректік материалдарға деректану ғылымының әдістерін пайдаланып, салыстырып таңдау, шынайлығын тұрақтандыру тәсілдерін қолдандық. Тақырыпты жеткілікті деңгейде аша түсу үшін тарихи са-

лыстырмалы тәсілді қолданып, күрделі құбылыстардың астарын ашуға тырыстық.

Мақалада көтерілген тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістері пайдаланылды. Саясаттану ғылымының әдіснамасын қолданып, әрбір тарихи кезеңдерде қабылданған саясаттың ерекшелігін сипаттадық; зерттеу барысында конструктивизм амалдарын қолдандық. Сондай-ақ, қазіргі заманда көп қолданылатын ғылыми зерттеу әдістеріндегі талдау, синтездеу, индукция және дедукция тәсілдерін пайдаландық.

Социология, экономика ғылымның зерттеу тәсілдерін қолдандық. Зерттеуге отандық, қытайлық, шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектерін және олардың теориялық методологиялық әдіснамасын мүмкіндігінше қолдануға тырыстық.

Нәтижелер және талқылау

Ауылшаруашылық жерлерді пайдалану саясаты

Қытай үкіметінің жер реформасы, ашық айтқанда аграрлық жерлерді қолдану реформасында тарихи сипат басым болды. Жер – диқандар мен ауылдың басты шаруашылық жүйесінің негізгі тірегі болып табылады. Сонымен қатар, ол өндіріс жағдайын шешуші негізгі фактор болып саналады. Қытай өркениетінің даму тарихында жер қатынастар жүйесінің эволюциясы маңызды фактор болған (Gao Zhonghua, 2021).

Қытайда ауылшаруашылық жерді пайдалану құқығындағы өзгерістер бірнеше кезеңдерді бастан кешті. Қытай жер реформасын ҚХР құрылған 1949 жылдан 1978 жылға дейін кезең және 1978 жылдан қазірге дейінгі мезгіл деп екі тарихи кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезеңде, 1949 жылы Пекинде ашылған Бүкіл қытайлық саяси консультатив кеңесі мәжілісінің 1 сессиясында бекітілген «Бүкілқытайлық саяси консультатив кеңесі мәжілісінің Жалпы бағдарламасы» (Zonggang – «Жалпы бағдарламада») қабылданды. Ол бойынша: «Қай жерде жер реформасы жүргізілсе, сол жердегі диқандардың жерге меншік құқығы қорғалуы керек» – деп белгіленген. Онда жаңа Қытай елі құрылғаннан кейін ауылды елді мекендердегі жер реформасының мақсаты – аграрлық өндіріс және оның қосалқы бөліктерін қалпына келтіру және өркендету, шаруалардың жерге иелік құқықтары мен мүдделерін қорғау – делінген (Xin Qing, 2008).

1952 жылы жылы тамызда Қытай халық Республикасы Орталық үкіметі «Қытайдың аз ұлттар шоғырланған жерлерге автономияны іске асыру бағдарламасын» жариялады (Mukametkhanuly N, 2021).

1953 жылдың соңында ҚКП ОК «Аграрлық өндірістік кооперативтерін өркендету туралы қаулы» жарылап, жер саясатын белгіледі. Қаулыда кооперативтік реформаның мақсаты «ауыл шаруашылығын, қолөнерді және капиталистік өнеркәсіп пен сауданы социалистік қайта құруды біртіндеп іске асыру». Бұл «өтпелі кезеңдегі партияның жалпы бағыты» – болып саналды. Сонымен, алғашқы коммуналдық қоғам пайда болды. Алайда жер меншігі мемлекет иелігінде болды.

1955 жылы үй шаруашылығын есепке алу және коммуналдық астықты нормалау жүйесі енгізілді. Сондай-ақ, диқандардың жері ұжымдық меншік болып саналды. Сол жылы ҚКП ОК «аграрлық саланы кооперациялау мәселесі туралы» қаулы шығарып, жалпы үш ай ішінде қытай елі бойынша ауыл шаруашылығы кооперациялауды іске асты. 1956 жылдың соңында елдің аграрлық саласы социалистік ұжымдық жеке меншікке ауысты.

1957 жылдың тамыз айында Мемлекеттік кеңес «Үкіметтік жобалар бойынша сатып алынатын аграрлық өнімдері мен өзге де дүниелерді және жалпылама сатып алуды еркін нарыққа жіберуге тыйым салу туралы қаулыны» жариялады. 1958 жылы тамызда Қытай коммунистік партиясының орталық комитеті «қыстақтарда Халық коммуналарын құру туралы құжат» шығарып, Қытай бойынша Халықтық коммунасын құру іс-шарасын іске асырды.

ҚКП Орталық комитеті 1961 жылы наурызда «Ауылдағы Халық коммунасының қызмет қаулысын» бекітті. Ол қаулы бойынша Халық коммунасы мүшелері аздаған жекеменшік жерді пайдалануына, жеке мал-мүлік, үй құстарын пайдалануына еркіндік алды. Сонымен ауылды жерлерде үш деңгейлі өндіріс бөлімдері, Дадуй (үлкен өндіріс отряды) Сяудуй (кіші өндіріс отряды) және Халық коммунасы (renmin gongshe) жүйесі орнатылды. Алайда, бүкіл ел шеңберінде жаппай іске асқан халықтық саяси күрестер диқандардың өндіріспен жаппай айналысуына мүрса бермеді. 1963–1965 жылдары Қытай елі бойынша «Социалистік тәрбие қозғалысы» іске асты. Ақыр соңында он жылға созылған (1966–1976 жж) «Мәдени төңкеріс» науқанына ұласып, жалпы бұқара-халық «таптық күреспен», «Буржуазиялық жолға түскен басшылармен» күресу

шаруалармен шұғылданып. Соның нәтижесінде бүкіл ел көлемінде тоқырау жағдайы қалыптасты (Mukametkhanuly N, 2021).

ҚХР ауылшаруашылық саясаттың екінші кезеңі, 1978 жылы желтоқсанда ҚКП ОК-тің XI шақырылым III жиналысында басталады. Бұл жиналыс қаулысы бойынша «Ауылдық халық коммуналарының жұмысы туралы Қаулы» бекітіліп, жаңа ауыл шаруашылығы саясаты жарияланды.

1982 жылы қыркүйекте ҚКП XII съезі өтті. Осы кезеңнің 4 желтоқсанында «ҚХР Ата заңында» кейбір толықтырулар мен жаңа өзгертулер жасалды.

1986 жылы 25 маусымда VI Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің 16-мәжілісінде, Қытай халық Республикасы жерді пайдалану туралы заңы бекітілді. Ол заң бойынша шаруашылық жауапкершілігі жүйесі заңды түрде бекітілді. Бұл жер келісім-шарты саясатының мазмұнын толықтырды.

ҚХР-дың жерді пайдалану туралы Заңы 1988, 1998 және 2004 жылдар ішінде үш мәрте талқыланып қаралды. Осы өзгерістердің арасында 2004 жылғы өзгеріс конституциялық өзгеріске алып келді (Xin Qing, 2008).

Жер жеке адамдардың жекеменшігі ретінде берілмеді, жерге жалпы иелік құқығы мемлекеттің құзырында болды. Алайда егінші-диқандарға жерді иемдену және шыққан пайданы өзіне қалдыру еркі берілді. Жүргізілген бұндай ұтымды саясат диқан-шаруалардың ерік-жігеріне күш беріп, жерді мүмкіндігінше еркін пайдалануына жағдай тудырды. 1980 жылдардағы ауыл шаруашылық жерлерін игеруді алғаш 15 жылға жалға берді, екінші рет 30 жылға созды. Сонымен қатар, бүкіл мемлекет көлемінде аграрлық ғылыми зерттеу жүйесін қалыптастырды. Сондай-ақ аграрлық инновация, аграрлық техникаларды мемлекет жалпыластыру жүйесін құрды. Міне, бұл ауыл шаруашылық өндірісінің дамуына тың серпін берді. Сонымен қытайдың ауыл шаруашылығы қарқынды дами бастады.

Жоспарлы экономикадағы ауыл шаруашылық өндірісі

ҚХР алғашқы 30 жылда ауыл шаруашылығы жоспарлы экономика жүйесінде болды да, айтарлықтай дами алмады. Өйткені, коммуналдық режимде өндірілген өнім өндірушінің мүддесіне қатысты болмады. Бұл жағдай шаруаларды өндіріске ынталандырмады. Оның үстіне өндірістер ұжымдық жетекшілердің орталықтандырылған басқаруында болды, олар өндіріске пайдалы шешім қабылдай алмай тұғын.

Коммуналанған халық өздері жұмыс жасайтын егінмен айналысатын немесе мал бағумен шұғылданатын отрядтарының бір жылдық кірісі негізінде әр жылдың аяғында бір реттік еңбек жалақысын алумен шектеліп отырды. Нақтылай айтқанда, Халық коммунасындағы диқан-шаруалар өздері бөлінген еңбек бөлімшелерінде жұмыс атқарады. Бір күндік атқараған жұмысының өлшемі 10 балл бойынша бағаланады, әр күні басшылық жұмыскерлердің еңбек кітапшасына бір күн бойы істеген жұмысының нәтижесін баллмен белгілеп отырады. Жыл аяғында басшылық жұмыскерлердің жыл бойы істеген еңбегін бағалап, диқан-шаруалардың бір жыл бойы үкіметтен алған алашағын есептеп, сол адамның үкіметке қарыз қарыз еместігін анықтайды. Берешек болғандар берешегін келер жылы жұмыс істеп үкіметке өтеуге тура келеді (Mukametkhanuly N, 2021). Бұндай саясаттың нәтижесінде өндіріс дамығанның орнына, керісінше құлдырап кетті.

Аграрлық салада өндірілетін ауыл шаруашылық өнім көлемі, аграрлық өндіріс материалдарының бағасы т.б. үкіметтік бекіткен баға жоспары бойынша белгіленеді. Өндірісте ешқандай бәсекелестік орнамайды. Мемлекеттің ішкі және сыртқы аграрлық базарларында өндіріс пен тұтыну бағаларын белгілейтін бір тұтас мемлекеттік саясат үстемдік етті.

Диқан-шаруалар тұтынатын азық-түлік, жем және тұқымнан басқа аграрлық өнімдердің басым көп бөлігі үкімет белгілеген баға саясаты бойынша төмен бағада сатылымға шығарылды. Осындай баға саясатының нәтижесінде бұқара-халыққа керекті тұтынушылық заттардың (азық-түлік, киім-кешек) базардағы бағасын реттеп, теңестіріп отыратын қатаң нарықты басқару үкіметтік жүйесі жұмыс атқарды. Қалың бұқара халық өздеріне қажетті азық-түлікті өз еркінше кез келген жерден сатып ала алмайды.

Қытайда халықты тіркеу жүйесі (戶籍制度) бар. Бұл үкіметтік әкімшілік жүйе болып табылады. Қытайлық парктикада тіркеу жүйесі бір отбасы, не бір әулетін бірлік еткен адамдарды басқару амалы болатын. Бұл күндері ол үкіметтік заң шеңберінде тұрғындардың туған, өлген, жақындық қатынасын, заңды тұрған мекен-жайын анықтайтын азаматтардың негізгі ақпараттар жинайғын сақтайтын құқықтық режим болып табылады. Міне осы жүйе арқылы үкімет азаматтардың жүріп-тұруын, көші-қонын қатаң бақылауда ұстады. Бұндай үкіметтік басқару жүйесі арқылы Қытай үкіметі қалада қоныстан-

ған азаматтар мен ауыл азаматтары арасында екі түрлі саясат қолданып келді.

Үкіметтік тіркеуге алу жүйесі арқылы ауылды жерде тіркелген азаматтардың ауылдан шығып басқа жұмыспен айналысуына шектеу қойған болатын. Қытай үкіметі аграрлық секторының барлық мүмкіндіктерін қалалық өнеркәсіп секторын азық-түлікпен және өзгеде ауыл шаруашылығы өнімдермен қамдап отыруға бейімдеді. Ал керісінше қаладағы өнеркәсібін өндірісін аграрлық салада істетін тыңайтқыш, өндірісте пайдаланатын техника, капитал және өзге де материалдармен қамтамасыз етуге міндеттеген еді. Алайда реформа арқылы ауыл мен қала тұрғындарының өзара алмасып жұмыс істеуіне еркіндік берілді.

Ауыл шаруашылығындағы сауданы мемлекеттік жоспар бойынша шешіп отырды. Аграрлық сала өнімдерін үкімет тұтастай сатып алып, тұтынушы халыққа жалпылама сатып беру саясатын пайдаланды. Өткен ғасырдың 70 жылдары аграрлық сала өнімдерін саудалау бойынша мемлекеттік агенттіктер барлық ауыл шаруашылық өнімдерінің азық-түлік импорты мен экспортын өз бақалауларында ұстады. Қытай елінде орын алған бұндай жағдай аграрлық сала өнімдерінің сыртқа экспортын азайтып, сырттан импорт етілетін мүмкіндік жолдарын әлсіретті.

Бұл жоспарлы экономикалық саясат өндіріс саласын да, баға механизмін де жетілдіре алмады. Ауыл тұрғындары «екінші сортты азаматтар» болып есептелді. Ауыл тұрғындары мемлекеттегі қоғамдық ортақ игіліктер мен өндіріс пен күнделікті тұрмыстық игіліктерді қала азаматтарымен тең дәрежеде игіліктеме алмады.

Қытайда аграрлық сала ұлттық экономиканың басты қозғаушы күші болып табылады. Ауыл шаруашылығы Қытай елін индустрияландыру мен жаңғыртуда шешуші рөл ойнады. Дегенмен Қытай елінде орын алған жоспарлы экономиканың және өзге де саяси ахуалдардың әсерімен аграрлық саланың дамуы кедергілерге тап болды.

Қытай елінің индустриалды дамуы мен технологиялық жаңаруы аграрлық саланың үздіксіз және бәр қалыпты дамуына қатысты болды. Алайда ауыл шаруашылығы саласында қордаланып көп мәселелер аул шаруашылық саласын бүгінгі заманның бәсекелестік талаптарына толықтай жауап бере алмай тұғын жағдайда еді. Сондықтан ҚКП ОК басшылары көптеген өзгерістер жасауға бел буып, өзгерістің басын алдымен аграрлық саланы институционалды жа-

ғынан реформалауға және нарықтық қатынасты орнықтыруға негізделген реформа жасау керек деп шешті.

Реформа арқылы ауыл шаруашылық экономикасының дамуы

Қытай еленің экономикалық жағынан дамуы 1979 жылы желтоқсанда өткен реформа жасау және ашықтық саясаты қолдану туралы ҚКП ОК XI шақырылым III пленумы шешімімен тіке байланысты. Осы кесімді шешіснің нәтижесінде пайда болған реформа арқылы Қытай қоғамы дамудың даңғыл жолына түсті.

Қытай үкіметі жүргізген бұл әйгілі реформа бірінші кезекте ауыл шаруашылығында орын алған кешенді өзгерістерден басталды. Бұрыннан қалыптасып қалған Ауылды жерлерді басқарудағы үш дәрежелі өндіріс құрылымын жойып, ондай басқару жүйесінің орнына отбасы өндіріс жауапкершілік жүйесіне негізделген жаңа басқару жүйесін бекітіп, аграрлық саланы жаңа технологиянымен жаңғырту, аграрлық сала өнімдерін заман талабына сай нарыққа бейімдеу және ауыл шаруашылығына мол қаржы салу саясатын пайдаланды.

1. Бұл реформа «Отбасы өндіріс жауапкершілік жүйесін» орнатумен бір мезетте «Халық коммунасы» жоюмен қатар жүргізілді. Отбасы өндіріс шаруашылығын мердігерлік режимін орнату арқылы орталықсыздандыруды іске асырды. Отбасы өндіріс жауапкершілігі – дикан-шаруалар өздері ететін егіндік жерлер мен одан шығатын өнімге үкіметпен келісім-шартқа отырады. Түсіндіріп айтатын болсақ, егін егуші дикан-шаруаларға пайдалануға бөлінген жер аумағы сол отбасының жалпы жан саны мен еңбекке жарамды негізгі еңбек күшіне қарай бөлініп беріледі. Егін егуші дикан-шаруалар үкіметпен келісілген келісім-шарт негізінде мемлекет алдында өтеуге тиісті негізгі өнім берешегін орындағаннан кейін, қалған өздеріне тиеселі астық өнімдерін еркін түрде пайдаланып игеруіне жол ашылады, тіпті нарықтық бағаданда да қымбатқа саудалауына болады. Бұндай еркін нарыққа негізделген тиімді саясат қалың дикан-шаруалардың ауыл шаруашылығы өндірісіне деген сенімі мен ынта-жігерін барынша арттырды. Соның нәтижесінде, Қытайда реформаның бастапқы жылдарында аграрлық сала өндірісі зор қарқынмен алға дамыды.

2. Аграрлық саланы көтеру үшін оның дамуына басты қозғаушы күш болатын ғылыми-технология жүйесін де барынша жетілдіріп реформалар жасады. Сәтті жүргізілген реформаның нәтижесінде ауыл шаруашылығы техно-

логиясы тез дамыды әрі аграрлық өндіріс өнімділігінің нәтижесі жоғары болды.

Ауыл шаруашылығы саласына үкіметтің салған инвестиция көлемінің артуы аграрлық саладағы ғылыми-техникалық жаңашылдықты дамыта түсті. Қытайдың аграрлық саладағы жоғары ғылыми-технологиялық табыстарға жетуі, осы елдің азық-түлік саласындағы ұлттық қауіпсіздігіне кепілдік беріп ғана қоймай, ауыл шаруашылық саладағы ауыл шаруашылығының ғылыми-техникалық жетістіктері Қытайдың ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар ауыл шаруашылық саласын мол өніммен қамтамасыз етті.

3. Қытайда жүргізілген реформаның басты көздегені, бұрынғы жүріп келе жатқан жоспарлы экономикадан бас тартып, оны нарықтық экономикаға біртіндеп ауыстыру болатын. Осы реформаның нәтижесінде биліктің базарға арласуы азайып, нарықтық заңдылықтардың сақталуы, өндірістің дамып, аграрлық экономиканың жанданып дамуына әсер етті.

Қытайда жүргізілген экономикалық реформаның басқа елге ұқсамайтын жері, басында бірден нарықтық экономикаға көшпей, нарықтық экономиканы жоспарлы экономикаға қосымша ретінде қолданды. Өткен ғасырдың 80 жылдарының соңында ауыл шаруашылық саласындағы басты ерекшелік, бастысы аграрлық өнімдерінің нарықтағы сатылымының жоғарлауынан байқалды. 1980 жылдан 1984 жыл аралығында мемлекет нарықтық талаптар бойынша өңірлік кедергілерді біртіндеп жойып отырды.

1985 жылдан кейін нарықтық реформа басталып, 1990 жылдардың басында жеделдей түсті. 2004 жылы Орталық Үкімет ресми түрде азық-түліктің нарықтық қатынаста болатынын жариялады.

Сауда-сатықтың дамуы еңбекті көп қажет ететін өнім өндіруге біртіндеп көшуіне түрткі болды. Сонымен жерді көп қажет ететін ауыл шаруашылық өнімдерін экспортуға біртіндеп қысқартты. Аграрлық салада жүргізілген оңтайлы саясат нәтижесінде елдің аграрлық өндірісінің құрлымы жақсы жақта өзгерді (Huang Jikun, 2010).

4. Қытай үкіметі аграрлық саланы үздіксіз қолдап, қаржы салуды үнемі арттырып отырды. Сонымен қатар елдің инфрақұрылымын жаңғырту мен ғылыми-техниканы дамытуға да мол қаржы жұмасады. Нәтижеде Қытайдың ауыл шаруашылық саласы жақсы дамып ғана қоймай ауыл шаруашылық өнімдерін өндейтін өнеркәсіптер де жылдам өркендеп, аграрлық саланың

жан-жақты дамуына қол жеткізді (Huang Jikun, 2018).

Аграрлық реформаның басты нәтижелері

Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қытайдың ауыл шаруашылығы саясатының басты мақсаты болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ұлттық тұрақтылықты ныюайтуға саятын маңызды мәселе ретінде өзекті саналады. Сондықтан ҚХР Үкіметі ауыл шаруашылық реформасын байыптылықпен жүргізуге баса назар аударды.

Олар реформаны оңайдан басталып, біріндеп қиынға қарай ілгерлеп отырды. Нәтижеде ауыл шаруашылық өндірісі көп жылдар бойы 4,5% дамыды. Өйткені реформа барысында маңызды өзгерістер орын алды:

- ауыл-қыстақ жүйесінің өзгеруі;
- аграрлық техниканың жаңаруы;
- аграрлық өнімдерді нарықтануы;
- ауылшаруашылығына салған қаржы көлемінің артуы. Мұны қытайлар «Төрт үлкен қозғаушы күш» деп санайды.

Осындай қозғаушы күштер қолданылғандықтан Қытайдың азық-түлік өндірісі дамыды; астық емес аграрлық өнімдер мен өнеркәсіпке қажет шикізатпен қамдау деңгейі жоғарлады. Баға саясатында өнімдердің нарықтағы құнын үкімет белгілеп, араласып отырды; жеке меншік құқығы оңтайланды; нарық жақсарды; қаржы құю және көлеңкелі еңбек ресурстарды барлыққа келтірді. Мұның нәтижесін тарихи салыстыру арқылы анықтауға болады. 1952–1978 жылдары Қытайдың ауыл шаруашылық жалпы ішкі өнімі 2,2 % болса, бұл көрсеткіш 1978–2016 жылдары 4,5%-ға көтерілген, ауыл шаруашылық GDP-дің орташа өсуі 6,9 % болды.

1978 – 2016 жылдары астық өндірісінің жылдық өсімі 2,1% жетті. Бұл сол мезгілдегі демографиялық өсімінен (1,0%) жоғары болды. Осы кездегі мақта, майлы дақылдар мен қант өнімі 3,8 %, 6,4, % және 5,3 %, болды. Осындай өсімнің арқасында қытайлықтардың қарын тойдыру мәселесі өз шешімін тапты.

Аграрлық саладағы оңтайлы саясат нәтижесінде 1978 – 2016 жылдары жеміс-жидек өндірісінің жылдық орташа өсімі 11,5 % , көкөніс өндірісінің өсуі 5,2 %-ға жетіп бұл екі сала жылдам дамыды. 1978 жылдан 2007 жыл аралығындағы көрсеткіштерге көз салып қарасақ ауыл шаруашылық саласында жақсы өзгерістерді көруге болады, атап өтер болсақ шошқа, сиыр, қой еттері мен үй құстарының жылдық өсімі 6 %-ға жетсе, жеміс-жидектің жылдық орташа өсуі 7 %-дан жоғары болды.

XXI ғасырда Қытайдың ауыл шаруашылық өнімдерінің импорт, экспортында өзгерістер орын ала бастады. Астық, мақта, майлы дақыл мен қант өсімдіктерінің таза экспорты азайып, таза импорты көбейді. Ал, көп еңбек күшін қажет ететін бағбан өндіріс өнімдері мен су жануары өнімдерінің таза экспорты өсу көрсеткішін көрсетуде.

Қытайдың ауыл шаруашылығы саласындағы онды өзгерістер аграрлық өндірістің тұрақты дамуы мен өндіріс құрылстарының жаңаруы ауыл шаруаларының кірісін арттырып, ауқаты төмен адамдардың санын азайтып келеді.

1978 –1984 жылдар Қытайда ауыл шаруашылық өндірісінің ең жылдам дамыған кезеңі болды. Аграрлық сала GDP-дің жылдық орташа өсімі 6,9% болды, диқандар кірісінің 65% ауыл шаруашылық өндірісінің өсу табысынан түсті. Ауылды жерлердегі тұрмыс деңгейі төмен адамдар саны азайып 1978 жылы 250 млн болса 1984 жылы 128 миллионға қысқарған. Қыстақтарда тұратын қарапайым диқандардың жұмыс күшінің ауыл шаруашылығынан тыс жұмыспен қамтылу деңгейі өсті. Аграрлық саладағы егінші шаруалардың саны 2016 жылы санақ бойынша 281 миллионнан асты, оның ішінде еңбек мигранттары 169 миллион адамды құрады. Кешенді реформа, дұрыс саясат нәтижесінде Қытай әлемде кедейлікті қысқарту бойынша өз мақсатына ерте қол жеткізген алғашқы мемлекет болды (Huang Jikun, 2018). Қытайда аграрлық сектордың дамуы мен азық-түлік мәселесінің шешулуі – ел экономиканың басқа салаларын реформалауға берік негіз қалады. Сондай-ақ, ауыл шаруашылық реформасы қалалардан басқа өңірлерде, өнеркәсіп тауарларын сатып алға төлем мүмкіндігі бар адамдар тобын барлыққа келтірді.

Бұдан, ҚХР-дың ауыл шаруашылық саладағы жүргізген саясаты мен реформасының өте сәтті әрі жемісті болғанын шынайы қоғамдық тәжірибе мен экономикалық көрсеткіш дәлелдеді.

Ауыл шаруашылығына төнген сын-қатерлер

Қытайдың өз елінде жүргізген кешенді реформасы және салиқалы саясатының нәтижесінде аграрлық салада биік жетістіктер мен мол табысқа жетті. Алайда осындай табыстармен қоса аграрлық салада көптеген орынсыз кемшіліктер де орын алып, айтарлықтай қиындықтарға тап болып отырған сын-қатерлерді де айту парыз. Өйткені әлемде мінсіз ешнәрсе жоқ.

XXI ғасырдың басында, Қытайда ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту, диқандар табысын арттыру, астық қауіпсіздігін сақтау мәселелері ауыр сын-қатерлерге ұшырап отыр. Бұл

Қытайда ұзақ жылдардан бері қордаланып қалған мәселелердің салдары деп санауға болады.

2004 жылыдан бастап Қытай астық экспорт ететін елден астық импорт ететін мемлекетке айналды. 2015 жылы тамақпен өзін өзі қамдау деңгейі 94,5%-ға төмендеді. Астық қауіпсіздігі ҚХР Үкіметтің алаңдата бастады.

Қытай диқандары ұзақ уақыттар бойы аграрлық салада мол табысқа жетіп, жылдам дамуы үшін әртүрлі деңгейдегі химиялық тыңайтқыштар мен шөп дәрілерді нормадан тыс қолданды. Нәтижесінде мыңдаған гектар егіс алқаптары зақымдалып, жердің сапасы түсіп кетті. Тіпті кейбір егіндік жерлер қайтып қолдануға жарамсыз болып қалды. Басым көп ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің жер асты су деңгейлері қатты төмендеп кетті. Ауыл шаруашылық өнімдері шектен тыс қолданылған химиялық тыңайтқыштардан ластанып ғана қоймай, тұтынушы адам өміріне қауіп төндіретін сапа деңгейіне дейін түсіп кетті. Экологиялық қоршаған ортаның ластану қысымы жылдан-жылға ауырлай түсті.

Қытайда жерасты су ресурстарын пайдалану рационалды болмады. 1980 жылдардан бастап қытайлықтар егістік жер көлемін көбейту үшін, жер асты суларын бұрғылып шығарып, құбыр арқылы жер суаруды қолға алды. 1990-жылдары үкімет жер асты суларын шығару жапдықтарды жеке фермерлердің пайдалануына берді. Фермерлер құдықтарынан су сорып, оны басқа фермерлерге сататын жеке су базаларын салды. Жер асты суларының жаңа көздері ауыл шаруашылық егіс алқаптарын ұлғайтты және фермерлердің кірісін арттырады. Алайда, жер асты суларына салынған инвестицияның жақсылығымен қоса, зардабы да көрінді. Қазіргі уақытта қытайдың жер асты суларының деңгейі төмендеп, көптеген ұңғымалар құрғап кетті. Бұл жағдай әзірге тікелей қауіп төндіргенімен, болашақта үлкен жер асты суы дағдарысына әке соғуына әбден мүмкін (Jikun Huang, 2009).

Қытай үкіметі диқан-шаруалар пайдаланатын егіндік жерлердің көлемін жыл өткен сайын кеңейтіп, үлкейтіп отырды. Мысалы 1978 жылы жалпы суармалы егіндік жер мөлшері 44,65 млн гектардан 2016 жылы 67,14 млн гектар жерге ұлғайған (Мемлекеттік статистика департаменті).

Қытай шаруалары аграрлық салада мол өнім алып, қыруар табысқа жету үшін түрлі жолдрмен нәтижеге жетуге тырсты. Соның ең табысты және төте жолы ауыл шаруашылық өнімдеріне түрлі химиялық тыңайтқыштар мен шөп дәрілерді пайдалану болды. Статистикалық деректерге сүйене отырып төмендегідей мәліметтер

келтіруге болады. Мысалы егін алқаптарында химиялық тыңайтқыштар мен шөп дәрілерді қолдану көрсеткіші 1978 жылы 8 млн 840 мың тонна болса, 2016 жылы 59 млн 840 мың тоннаға көтерілген. Бұндай қадам егінші-диқандардың астық өнімділігін жоғарлатқанымен, химиялық тыңайтқыш пайдаланылған жердің құнарлылық деңгейін орасан деңгейде түсіріп жіберді. Қытай үкіметі егінші-диқандардан зиянды тыңайтқыштар мен шөп дәрілерді барынша аз қолдануды талап етседе, көз алдындағы аз пайдаға құныққан қытай шаруалары химиялық тыңайтқыштарды, шөп дәрілерді қолдануды арттырмаса тоқтатқан емес. Қытайлық статистикалық мәліметтерге негізделсек, елде зиянды тыңайтқыштарын қолдану қарқыны 328,5 кг/га құрайды. Ал бұл салыстырмалы түрде қарағанда орташа әлемдік деңгейден 2,7 есе артық дегенді білдіреді екен. 2010 жылдан 2012 жылға дейін зиянды тыңайтқыштар мен шөп дәрілерді пайдалану мүмкіндігі егін алқаптарында 520,9 кг/га құраған, бұл ақпарат ФАО деректері бойынша алынды. Бұндай көрсеткіш әлемдік орташа көрсеткіштен 4,2 есе көп екенін білдіреді. Қытайлық статистикалық мәліметтер мен ФАО деректері арасында бір шама ұқсастық бар, бұндай айырмашылық екі түрлі статистикалық мәліметтер мен әртүрлі есептеу әдістеріне байланысты тіркелген қортынды деуге болады (Wei Houkai, 2017).

Соңғы жылдар Қытай үкіметі аграрлық салада қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды тыңайтқыштарды жойып, жасыл экологиясы құрылысын дамыту жобасын іске асырып келеді. Алайда нәтижесі тым мардымсыз.

Қытай үкіметі жүргізген реформалар өз жемісін беріп экономика жанданып, аграрлық өндіріс дамып, диқан-шаруалар егіннен алатын өнімі артумен қатар, егіншіліктен табатын пайда кірістеріде біршама көбейді. Бірақ та диқан-шаруалар қанша кірісі артса да қалада тұратын тұрғындарымен салыстырғанда, кіріс деңгейінде үлкен айырмашылық болды. Соңғы жылдары қала мен ауыл тұрғындарының кіріс мөлшері тұңғыш рет үш еседен асты және бұл көрсеткіш уақыт өткен сайын өсіп келеді (Summary of China Statistics, 2017 ж). Диқан-шаруалардың кірісін көбейтуді қалай жылдамдатып дамыту және ауылды жер тұрғындары мен қала тұрғындарының табысындағы үлкен айырмашылықты азайту мәселесі 2004 жылдан бері Қытай Үкіметінің шешімін таппаған күрделі мәселелерінің біріне айналды.

Қытай елінде ауыл шаруашылығының дамып, заманауиласуымен бірге урбанизация мә-

селесі де жедел дамып келе жатқан күрмеуі көп күрделі мәселеге айналды. Аграрлық салада еңбек күші бөліністері орын алып, құрылымдық өзгерістер орын ала бастады. Ауыл-қыстақ тұрғындарының басым көпшілігі ауылдан тыс нәпақа тауып, жұмыс істеу үшін қалаларға еніп, екінші және үшінші өнеркәсіп саласында жұмыс істейді. Себебі ауылда егінмен айналысып табатын кіріс бәлен еңбек күші бар отбасылар үшін мардымсыз болып табылды. Сондықтан қосымша кіріс көзін табу үшін бір отбасынан артық бір немесе одан да көп адам егіншілктен тыс басқа жұмыс түрімен айналысу үрдісі күшейді. Қытайдың ауыл шаруашылық саясатын зерттеу орталығының зерттеуінде ауыл дихандарының 80 % ауыл шаруашылықтан басқа кәсіппен айналысады екен. Өйткені қалаларда көшіп-қонып жүріп жұмыс істеу пайдалы. Қытай қалаларында 170 миллион ауылдық мигрант болуы мүмкін.

Қытайдағы урбанизация мәселесі ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына кері әсер ете бастады. Олар төмендегдей бірнеше жағдайда көрініс тапты: ауылды жердегі негізгі еңбек күші әлсіреп кетті. Жас және орта жастағы тепсе темір үзетін дихандар үлкен қалаларға шаруашылықтан тыс кіріс табу үшін ағыла бастады. Ауылды жерде қалып диканшылықпен айналысатындардың орташа жас мөлшері 60 жастан асып кеткендер болды, олардың көбі әйелдер қауымы болып табылады. Сонымен ауылда қалып аграрлық жұмыспен айналысатын негізгі еңбек күш әйелдер мен қарттар болып қалды. Аграрлық салада орын алып жатқан бұндай құрылымдық өзгерістер, аграрлық саланың келешек дамуына міндетті түрде кері әсері етеді (Guo Haihong, Zhang Zaixu, 2018).

Қытай үкіметі жоғарыда қалыптасқан келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін 2004 жылы №1 құжат дайындап. Жағдайды шешетін жаңа амалдар пайдаланды:

- Қабылданған ең оңтайлы шешімдердің бірі 2004 жылдан бері қарай Қытай елі аграрлық салаға қатысты салық түрлерінің түгелдей күшін жойды;

- Аграрлық саланы белсенді қолдау мақсатында үкімет тарабынан жылына жәрдем ақы төлеп тұрды және дикан-шаруалардың ынтасын арттыру мақсатында жәрдем ақыны жыл сайын көтеріп отырды ;

- Аграрлық салда өндірілетін өндірістік өнім түрлерін нарық заңдылығына бейімдеп, базардағы сұраныс бойынша өндіруге бейімдеп отырды.

Мысал ретінде атап өтер болсақ күріш пен бидайды нарықтағы ең арзан теңгеріммен алу шарасын 2004 жылы жүргізді, одан кейін жүгері, соя және майлы дақылдарды белгілі бір шекті мерізімге сатып алып, сақтап қою шарасын 2008 жылдары іске асырды, 2011-2012 жылдар арасында мақта мен қантқа сондай саят қолданылды. Ауыл шаруашылығы ғылыми техникасы мен инфрақұрылым құрылысын дамытып жаңарту үшін мемлекеттің қазынадан көп қаражат бөлінді .

Дегенмен мемлекет тарабынан аграрлық саланы дамыту үшін қанша көңіл бөлінседе бұл салаға анау айтқандай үлкен ықпал ете алмады. Аграрлық саланы қолдау мақсатында төрт түрлі жәрдем қаржы түрі (субсидия) берілді. Олар мыналар астық жәрдемі (субсудия), сортты тұқым жәрдемі (супсудия), аграрлық жалпы жәрдем (супсидия) мен агратехника жәрдемі (субсидия). Бұл қаржының көлемі 2017 жылы 17 млрд-қа жетті. Бірақ Қытайда 200 млн дикан болғандықтан, әрбір диканға тиетін үлесі 700 юаньға жетпейді. Сонымен 2015 жылы үкімет төрт түрлі дотацияны (субсидия) қайта реттеді.

ҚХР үкіметінің қолданған бұл саясаттары, ауыл шаруашылық экономикасы дөп келіп отырған сын-қатерлерін түбегейлі өзгерте алмайтын сияқты. Зерттеушілердің межелеуінше, Қытай кейбір өнім түрлерінен болашақта импорты арта түсуі мүмкін. Олар: астық, қант, ет, сүт өнімдері.

